

ФИЛОСОФИЯ, ДІНТАНУ

ӘОЖ 101.1::316; МҒТАР 12.15.61
<https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.479>

Т.Е. ТҰМАШБАЙ¹, Р.А. КЕМЕРБАЙ^{2*}

¹PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: tumashbai@mail.ru

²PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: ra2030@mail.ru

АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰРПАҚ ПЕН УАҚЫТ ҰҒЫМЫ

Бұл мақалада антикалық философия тарихындағы адам тегінің қоғамдық қатынастардың субъектісі болып туындауына, қалыптасуына байланысты идеялар қарастырылды. Жалпы кез келген қоғамда ұрпақ өз дамуында екі сатыдан өтіп, әлеуметтік организмнің түріне айналады. Бұл, бір жағынан, адамның жай, қарапайым өз тегін жалғастырушы субъект ретінде қызмет атқаруымен анықталады. Екінші жағынан, адамның ұрпақ ретінде белгілі бір ұлттық болмыстың, миф, дін, мемлекет формасындағы идеологиялық тартыстың әрі объектісі, әрі субъектісі ретінде қарастырылады. Бұл негізді Л. Морган «societas» және «civitas» формаларында анықтаған. Сондықтан біз де мақалада ұрпақ ұғымының «civitas» формасындағы көрінісін зерттеуге тырыстық және мақала тақырыбының методологиясын Платонның, Аристотельдің идеалды мемлекет, ізгілікті қоғам, бақыт, адамдағы мақсаттылық секілді этикалық ойларынан алуға ұмтылдық. Платон мен Аристотельдің философиялық ойларындағы өзектілікті А. Шопенгауэр, К. Ясперс пікірлерімен толықтырып, қазіргі қазақстандық қоғамдағы адам болмысындағы мәселелерімен бірге қарастырдық.

Аристотельдің уақыт, толассыздық, қозғалыс, мүмкіндік, болмыстың энтелехиясы секілді категорияларына сипаттамалары берілді. «Адам-ұрпақ» ұғымы уақыттың негізгі қасиеттері ретінде қолданылды. Платон адамды мемлекеттік биліктің құралы ретінде, өзінің қажеттіліктері мен мүдделеріне қатысты әлеуметтік қызметтерді шартсыз орындаушы тұлғасыздық тіршіліктің біріккен тұтастығы ретінде қарастырады. Аристотель бойынша: уақыт қозғалыс емес, бірақ ол қозғалыссыз, жансыз өмір сүре алмайды. Уақыттың субстраты қозғалыс болып табылады.

Кілт сөздер: ұрпақ тәрбиесі туралы Платонның философиялық ойы, Аристотель адам тегі туралы, үздіксіздік, қозғалыс категориялары, ұрпақтар сабақтастығы мен уақыты, ұрпақтың тәрбиесі құрал ретінде.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Тұмашбай Т.Е., Кемербай Р.А. Антикалық философия тарихындағы ұрпақ пен уақыт ұғымы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2021. – №1 (119). – Б. 52–63. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.479>

*Cite us correctly:

Tumashbai T.E., Kemerbai R.A. Antikalyq filosofia tarihyndaǵy urpaq pen uaqyt uǵymy [The Concept of Generation and Time in the History of Antic Philosophy] // *Iasayı ınyversitetiniń habarshysy*. – 2021. – №1 (119). – B. 52–63. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.479>

Т.Е. Tumashbay¹, R.A. Kemerbay²

¹PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: tumashbai@mail.ru

²PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: ra2030@mail.ru

The Concept of Generation and Time in the History of Antic Philosophy

This article to consider formation issues generation in the history of antic philosophy. In general, in any society, the concept of generation passes through two stages in its development and becomes a type of social organism. This is determined by the fact that a person performs the function of a simple subject that continues its genus. From different perspective a human is considered as an object and subject of a certain national existence, and a logical struggle in the form of religious and state relations. This basis was defined by L. Morgan in such forms as «societas» and «civitas». In the article we tried to study the expression of the concept of generation in the form of «civitas» we were looking for a methodology article topics in the ethical reasoning of Plato, such as Aristotle's ideal state, goodness society, commitment in man. The relevance of the philosophical views of Plato and Aristotle was supplemented by the ideas of A. Schopenhauer and K. Jaspers.

This art considered the ideas of Platon and Aristotle related to the generation and formation of the human genus as a subject of social relations. Aristotle's characteristics are given, such as time, non-continuity, movement, possibility, and entelechy of existence. The concept of man-generation is used as a measurement of the main properties of time. Platon considers man as an instrument of state power, which is a cohesive unity of impersonal beings who perform their social functions regardless of their personal interests. Aristotle: time is not movement, but it does not exist without movement, and without the psyche. The time substart is movement.

Keywords: Platon's philosophical thoughts on the education of the human genus, Aristotle on the human genus, the categories of continuity, movement, continuity and time of generations, education as a means.

Т.Е. Тумашбай¹, Р.А. Кемербай²

¹PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Нур-Султан), e-mail: tumashbai@mail.ru

²PhD, старший преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Нур-Султан), e-mail: ra2030@mail.ru

Понятие поколения и времени в истории античной философии

В данной статье рассмотрены идеи представителей античной философии, связанные с возникновением и формированием человеческого рода как субъекта общественных отношений. Это определяется, с одной стороны, тем, что человек выполняет функцию простого субъекта, продолжающего свой род. С другой стороны, человек рассматривается как объект и субъект определенного национального бытия, идеологической борьбы в форме религиозных и государственных отношений. Эта основа была определена Л. Морганом в таких формах, как «societas» и «civitas». Поэтому в статье мы попытались изучить, как может быть выражено понятие «поколение» в форме «civitas». Также предпринята попытка выстроить методологию по теме статьи на основе этических рассуждений Платона, Аристотеля об идеальном государстве, добродетельном обществе, человеческой целеустремленности. Актуальность философских взглядов Платона и Аристотеля дополнена идеями А. Шопенгауэра и К. Ясперса, рассмотренными в контексте проблематики природы человека в современном казахстанском обществе.

Приведены характеристики, данные Аристотелем применительно к таким категориям, как время, непрерывность, движение, возможность, энтелехия бытия. Использовано понятие «человек-поколение» как измерение основных свойств времени. Например, Платон видел в человеке инструмент государственной власти как обезличенного единства, безусловно исполняющего социальные функции вне зависимости от своих личных потребностей и интересов. По Аристотелю, время само по себе не является движением, однако оно не существует без движения, без души. Субстрат времени составляет движение.

Ключевые слова: философские мысли Платона о воспитании человеческого рода, Аристотель о человеческом роде, категории непрерывность, движение, преемственность и время поколений, воспитание как инструмент.

Кіріспе

Адам, ұрпақ, тек және уақыт категориялары барлық заманда, өз деңгейінде зерттелген. Ұрпақ адамның атрибуты сипатында бар және ол адам, ұрпақ және қоғам қатынасында өзінің сандық және сапалық өзгерісін көрсететін элеуметтік топ. Сондықтан адамның ерекшелікті барлық болмысы, толғанысы, дүниені қабылдауы мен түйсігі мазмұн сипатында ұрпақпен де байланысты. Сәйкесінше қай заманның ойшылы болмасын, өз шығармасында адамның мәнділігін, оның кеңістік пен уақытта, өткен мен қазіргіде, болашаққа орналасуын қарастырады. Себебі, адам тарихи болмыс иесі ретінде бар болушы субъект. Ол өзінің ұрпағының бейнесінде уақыттағы жаңа құндылықтарға бейімделіп өмір сүруі мүмкін. Дегенмен қоғамдық қатынастарда жаңа адамның дүниеге келуі, бұл әрі философиялық, әрі идеологиялық тұрғыда қызықты, даулы тартыстар тудыратын мәселелер болып табылады. Адам өзінің қалыптасуында, тарихқа белгілі ғасырлары бойынша жүз мыңнан үш жүз мың жылдарға дейін өмір сүруі мүмкін. Алайда, ол өзінің егіншілік дәуірінен басталған өркениетінің 12 мың жылын білгеннің өзінде, тарихи санасында діни кітаптар, ескерткіштер, тарихи археологиялық жәдігерлерден мәлім іс-әрекеттілігінің көп болса алты мың жылын ғана біледі. Осы мыңжылдықтар ішінде адамзат өркениеті қаншама өзгерістерге ұшырап, жаңарды, алмасты, қирады, қайта тұрды, дамыды. Сонда да адам даулы болса да тарихи болмыстың иесі ретінде, өзінің ішкі жан дүниесіндегі, түйсіктеріндегі ескі құндылықтарынан айыра алмай келуде.

Адам сол баяғы Дж. Фрэнгер сипаттаған имитациялық немесе когнатиоздық магиялық әрекеттерге, мифтер мен аңыздарға, діндегі секталардың қиялдарына сенеді, кейде сонымен бірге жасайды. Сондықтан да қоғамдық шынайылықтағы бір прогрестің өзегіне айналған идея келесі бір құрылым үшін өзекті болмауы мүмкін. Сондықтан әрбір қоғамның рухани, элеуметтік, экономикалық шынайылығын анықтау үшін оның өзгеруіндегі ракурсы маңызды болып табылады. Өзгерістер үшін қажетті білімдер, идеологиялық тартыстар, дискурстар барлық қоғам үшін маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан әрбір елдің саяси жүйесіндегі институттар, азаматтар дамудың өзегін құрағысы, оған бағыт-бағдарлар бергісі келеді. Бұл туралы Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылдың 10 желтоқсанында жастар жылының жабылуы туралы баяндамасында: «Ата-бабамыздың көптеген ұрпақтары өздерінің ізбасарларының тәуелсіз, еркін, ізгілікті мемлекетте және бақытты өмір сүргенін армандап өтті. Елімізде 14 жасқа дейінгі балалардың саны 5 миллион адамнан асты, бірақ қоғамдық өмірге араласпайтын, жұмыс істемейтін НЕЕТ жастардың көбейіп, бос жүргендері жалпы жастардың 20%-ын құрап отырғанын», – атап көрсетті [1].

Қазақстандық қоғамның кеңестік идеологиядан азат болғанына отыз жыл болды. Біздің қазіргі қоғамымызда ұрпақтар арасындағы дискурста ескі тарихымыздағы жетістіктер туралы, діни сенімнің нығаюы мен қайшылықтары, байлығын арттыру туралы көзқарастар саналуан. Бұл қоғамдағы сергектікті анықтайды. Әйтсе де қоғамның дамуының негізін

өндірістік күштердің құрайтыны туралы, қоғамдық өмірде идеологиялық пікірталастардың болуы қажеттілігі туралы ойлар әлсіреуде. Мемлекет өзінің саяси тәуелсіздігінде кез келген қоғамдық шынайылықты талқылауы, қажеттісін алып, керек емесін сылып тастап отыруы тиіс. Иә, біз «қанды қол қызыл террордан» көп зардап шектік, ұлттығымыздан айырылуға шақ қалдық. Біз, геосаяси түрде алып державалардың идеологиялық қыспағындамыз. Дегенмен бұл біздің өз ұрпағымызды жаңа биікке шығаруымызға кедергі болып табылмайды. Әйтсе де қай уақыт болмасын, адам өмірінің өн бойында жинаған тәжірибесінің нәтижелерін ұрпағының бойына сіңіріп кеткісі келеді, бірақ оны ұрпақтары, осы дұрыс жол деп қабылдап, іліп кеткісі келгенімен, дәуірдің үніне ілесіп, кейде адасуға, бірде шынайылығын, ақиқаттылығын тануға қол жеткізіп жатқаны бар. Ұрпақтар сабақтастығы туралы философия ғылымының кандидаттары А.О. Тұрсынбаева мен А.Ж. Малдыбек мынадай ой өрбітеді: «Ұрпақтар арасындағы үйлесімділікті одан әрі нығайтудың жалпы идеологиясы – Қазақстан мемлекеттігін, ішкі саяси тұрақтылықты, азаматтық татулықты, қоғамдық және ұлтаралық келісімді одан әрі дамытуда болып табылады. Ұлттық ерекшелігімізді бойына сіңірген, елге үлгі боларлық ұрпақ өсіруге тырысу – бүгінгі басты міндет. Рухани дамыған салада тәрбиеленген ұрпақ міндетті түрде мемлекетіміздің дамуына қызмет етеді. Әр кезде алмасып отыратын ұрпақтың мүмкіншілігі мол, бұрынғы ұрпақпен салыстырғанда олардың саяси прогреске қосатын үлесі де үлкен. Ол адамдар арасындағы өркендеп және өзгеріп отыратын тұрақтылықты ретке келтіріп отырады» [2, 67-б.].

Мақаланың мақсаты Платонның, Аристотельдің философиялық шығармаларындағы адам, ұрпақ, тек туралы категорияларды философиялық ойлардың генезисі мен ғалымдар ұсынған тұжырымдар негізінде зерттеу. Өйткені философиялық білімнің негізін антикалық грек өркениетіндегі шығармалар құрайды. Мақаланың міндеті антикалық философия тарихында «адам-ұрпақ» категориясының уақыттағы толассыздық және қозғалыс категориялармен байланысты қарастыру және методологиясын ажырату болып табылады.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада зерттелетін тақырып бойынша ұрпақ категориясын уақыттың белгілері, құндылықтардың ауысуы, сабақтастық және мәдени антропологиялық, экзистенциалдық философия, адамның тарихи болмысы бағыттарында жүргізілген зерттеулер бар. Атап айтқанда: Аристотель, Платон, И. Кант, А. Шопенгауэр, О. Конт, В. Дильтей, К. Мангейм, К. Ясперс, М. Хайдеггер, Х. Ортега Гассет, И. Кон, Н. Хренов, т.б. ғалымдар, қазақ философиясында ұрпақтар сабақтастығы туралы академик Ғарифолла Есім ағамыз зерттеген. Мақала тақырыбының өзектілігі жалпы қазіргі қазақ қоғамындағы ұрпақ уақытының өзгерісіндегі негізгі траекторияларын және дискурстардың бағыттарын анықтау. Бұл зерттеуді жүргізу мен мақаланы жазуда интеллектуалдық интуиция, герменевтикалық интерпретация, философиялық компаративистік әдістер қолданылды. Бұл әдістің ерекшелігі философия ғылымының тарихындағы мәліметтерді адамның болмысын, қоғамның шынайылығын анықтауды талдауда салыстырмалы қолдануға мүмкіндік бар. Интеллектуалдық интуиция бізге кәдімгі заттарды экстроординарлық көруге мүмкіндік береді. Герменевтикалық интерпретация бізді әлеуметтік үрдістер мен құбылыстарды құндылықты мағыналы басымдықтар призмасы арқылы түсінуге мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

Бұл мақалада ұрпақ ұғымын екі бағытта қарастырамыз. Бірі ұрпақ адам өмірлік іс-әрекеттілігінің атрибуты ретінде. Екіншісі ұрпақ ұғымын мемлекеттің болашағымен, оның саяси-әлеуметтік құрылымымен байланысты зерттеу. Бұл категориялар Аристотельдің «Метафизика» және «Никомах этикасы» еңбектерінде қарастырылған. Мысалы, Аристотель «Никомах этикасы» еңбегінде адамның мақсаты ол жоғары игілікке қол жеткізу болып

табылады. Жоғары игіліктің мәнін адамның осы өмірдегі бақыты құрайды деп есептейді. Сонымен бірге Аристотель адамның өмір сүру образын үш бағытқа жіктейді. Аристотель бұл еңбегінде абыройлы және әрекетті адамдар игілік пен бақыт ретінде құрметті түсінеді, ал бұл мемлекеттік өмір сүру образының мақсатын құрайды деген ойда болады. Бұл ой батыс қоғамы үшін өзекті болмауы мүмкін, бірақ бір күндік бақыты үшін өмір сүретін, оның ішінде діни-мифологиялық пайымдаудың ықпалындағы қоғамдар үшін әлі өзектілігін жойған жоқ. Өйткені, халықтың өмір сүру образын ләззат табу деңгейінен мемлекеттік және пайымдау деңгейіне көтеру, жоғары игіліктің бірі бақытқа қол жеткізу негізгі мән болып табылады. Себебі, кез келген халық өзінің ұрпағының игілікті өмір сүргенін қалайды. Ол игілікті тану, рақат табу қоғамның дамуына және адамдардың сана-сезімінің деңгейіне тікелей тәуелді.

Платон мен Аристотель кәсіби философияның негізін қалауда көптеген категориялар мен ұғымдарды қалыптастырған ойшылдар. Аристотель өзінің ұстазы Платонның философиялық идеяларын «үшінші адам» деп, мемлекеттегі ортақ меншіктік қатынастар жайлы көзқарастарына сыни көзбен қарады. Дегенмен Платонның даналық туралы ойлары, тіпті, ол утопиялық сарында болсын, қазіргі уақытқа дейін әрбір мемлекеттің бүгін ағза ретінде тіршілігі үшін қажетті алгоритм ретінде қолдануға болады. Қоғамдық және тұлғааралық қарым-қатынастарда кездесетін комплекстің кемшілігі туралы тек үңгір аллегориясының өзі, көп жағдайдан хабар береді. Батыс европалық философ Дерек Джонстон өзінің «Философияның қысқаша тарихы» кітабында «Платонда ізгілік пен нақты дүние уақыттан тыс, мәңгілік», – деп сипаттайды. Сонымен бірге, бұл еңбекте Платонның жан туралы көзқарасына талдау жасалады. Атап айтқанда: «Адамның жаны үш бөліктен тұрады. Біріншісі – рационалды бөлік, ақыл-ой негізі. Даналық – оның басты құндылығы. Екінші – жандағы рухани, қуатты бөлік, оның ерекше құндылығы – батырлық пен батылдық. Үшіншісі – адам жанының қалауын қанағаттандыруға ұмтылатын бөлік. Оның басты құндылықтары – ұстамдылық пен бағыныштылық», – деген пікірлерін келтіреді [3, 18-б.].

Бұл туралы Абай атамыз қырық үшінші қара сөзінде: Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан», – деген [4, 139-б.]. Платон мен Аристотельде адам жанының рационалды формада қарастырылып, оның құндылығын даналықтың құрауы, Аристотельде «адам саяси жануар» сипатында зерттелуі бұл адамның потенциалының қоғамдық тартылысымен байланысты. Дана философтардың шешуге тырысқан жұмбағының жауабын, біз мемлекеттердің саяси ағза сипатында даму генезисінен байқап отырмыз. Мысалы, елдердің барлығы өзінің қоғамдық дамуымен, адами капиталының әлеуетімен әлемдік және аймақтық интеграцияларға түскісі келеді. Өйткені, елдің дамуының басты индикаторы, ол адам құқығының базистік шарттарының қорғалуын қамту, яғни демократия индексіне сәйкес келу. Сондай-ақ халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының артуына мүмкіндік жасауда, сол елдің ұлттық мүдделерін қорғаудағы іс-әрекеттіліктерін пайдасыз, қайтымы жоқ іске айналдыруда.

Мемлекет супер, әлемдік держава ма, әлде аймақтық па, халықаралық қатынастардың қарапайым субъектісі ме, оған байланыссыз қандай жағдайда болмасын өз мүдделерін қорғауға ұмтылады. Бұл жерде әрбір мемлекеттің мақсаты, ол өз елінде білімді, ғылымды, өндірістік технологияны дамыту, халықтың жағдайын жасау. Сол үшін де мемлекет ол тірі ағза, оның бойындағы кез келген өзгеріс, ол кері емес, болашаққа қарай даму. Мысалы, қарапайым ғана арифметика, белгілі бір елдің өндірісі болмаса, онда өз халқына қанша қаржылық қолдау жасағанымен, ол ресурс, басқа өндірісі бар елді асыраудың құралы болып қала береді. Дегенмен ұрпақ адамның бір атрибуты болғанымен, ол өз тәжірбиесін, құндылықтарын ізін басқан ұрпағына мирасқа қалдыру, бірақ бұл ұрпақ өзінің алдындағы ұрпақтың өміріне, сондағы өткен уақытқа кері қайта алмайды ғой. Сондықтан да Платонның көзқарасынша адам жанының шешімі батырлық болуы керек, қалғаны «су диірменмен күрескенмен» бірдей жағдай. Қазіргі уақытта бар ұрпақ, ол аға ұрпақ, орта буын, кіші ұрпақ болсын бір-біріне ұлттық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-құқықтық тәрбие беруде батыл

қадамдарға баруы тиіс. Саяси өзгерістерді ақылмен қабылдаған басқарушы элита да, қарапайым индивид те ұлттың мүдделері үшін шешімді бүтін, әлемдегі озық үлгілерді іркілместен қабылдауы тиіс. Аристотельдің этикасындағы орта ұғымы біржақтылықты басшылыққа алмайды. Бұл туралы К. Ясперс: «Қазіргі уақытта біз батыр адамдарды көрмейміз, бұл сөзден қауіптенеді. Бүкіл әлемдік тарихи шешім жалғыз өзі қабылдап, оны ішіне сақтап жасырған адамдікі болмайды. Шешім әрбір адамның тағдырында абсолютті және қазіргі заман аппаратының тағдырында салыстырмалы», – дейді [5, 76-б.].

Дегенмен де біздің билік үшін сыбайлас жемқорлық секілді қоғамдық дертпен күресуде батыл шешімдер қажет. Біз қанша ұрпағымызды шетелде оқытқанмен, олардың қоғам үшін инерциясын көре алмаймыз. Өйткені басқа әлеуметтік, саяси-мәдени ортаның ерекшеліктерін көрген ұрпақ, қаншалықты өзгерістерге құштар болғанымен, ескі сұрлеуден шыға алмауда. Мен бұл жағдайдың аналогиясын бірінші курстағы білімге құштар студенттердің екінші курсқа ауысқан кездегі немқұрайлығынан байқаймын. Біз, осы неге соншалықты білімге, өзгеріске құштар адамдарымызды жоғалтып алудамыз? «Адам жанының қалауын қанағаттандыру» қай уақытта орын алады, енді, ол басы ашық мәселе. Бұл туралы ойшыл Абай атамыз: Адам баласын заман өсіреді, кімде кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват», – дейді [4, 91-б.].

Платонның философиялық ойларында ұрпақ, тек жайлы көзқарастың орын алуын Шопенгауэр де өз шығармасында атап өтеді: «Адам тегін терең және шынайы жетілдіруге сырттан емес, іштен, яғни білім мен оқытудың күшімен емес, ұрпақтардың органикалық ауысуы арқылы қол жеткізуге болады деген ой Платонның «Мемлекетінің» бесінші кітабында әскерилердің касталарын қорғау мен күшейту жоспары туралы айтылады. Егер барлық залымдарды кастрация жасап, монастырларға қамап, ізгілердің ұрпағын көбейту үшін гаремдерді босатып, ақылды, дарынды қыздарға күйеулікке ер жүрек, нағыз ерлерді қоссақ, онда одан туған ұрпақ Перикл заманын басып озар ма еді деген ой айтылады» [6, 669-б.].

А. Шопенгауэр ұсынып отырған Платонның мықты ұрпаққа қол жеткізу туралы ойларын қарастыратын болсақ, онда аталған еңбектен мынадай тұжырымдарды анықтаймыз. Платон «Мемлекеттің» бесінші кітабында Сократ пен Главконның диалогында біршама утопиялық тұжырымдарға ұрынады және сұхбат барысында оны өздері де мойындайды. Атап айтқанда, елді қорғаушылар мен олардың зайыптары, жалпы адамдар күші мен қуатына қарай жіктелуі керек, текті ер адам текті әйел адаммен қосылуы, олардың ұрпағын, сол үшін тандап алынған қызметшілер тәрбиелеуі керек те, әлсіздердің ұрпақтарына көңіл бөлмеуге болады деген ойын ұсынады. Бұл жақсы ұрпақты тәрбиелеудегі тәжірибие елдердің саяси тарихында кездескен құбылыс. Мысалы, Түрік Республикасының Османлы империясы кезеңіндегі янычарлар мектебі соның бір айғағы болады. Платон соғыста ерекшеленген жастарды сәйкесінше құрмет пен даңққа бөлеп, олардан мейлінше көп сәбилер дүниеге келу үшін әйелдермен табысуға кеңінен мүмкіндік беруіміз қажет, олардың сыйы үшін құрбандық шалынуы, ақындар ән арнауы, некелесуді билеушілер бақылауы тиіс деген ойда болады. Платон: «Сондықтан дүниеге ұрпақты толысқан жастағы ата-аналар әкелуі тиіс. Әйел үшін ұрпақ келтірудегі толысқан жас – жиырма жас, ал ерлер үшін отыз жас. Сонымен бірге әйелдер жиырма жастан қырық жасқа дейін бала тууы, ерлер жүгіруден қалғанға дейін, 55 жасқа дейін ұрпақ беруі тиіс. Бұл уақыт олардың тәндік және рухи толысқан шағы; жақсы, пайдалы адамдардан ең керемет, жетілген ұрпақ дүниеге келсе, онда қараңғылық елесінен сұрқия ынсапсыз ұрық пайда болады», – деген ойда болады [7].

Платонның мықты ұрпақ тәрбиелеу деген көзқарасы сол дәуірдің талабынан туындауы мүмкін, бірақ көптеген философтарда бұл ойға деген пессимизм бар. Әйтсе де қазақ дүниетанымында жақсы ұрпақ «жатыры таза анадан» дүниеге келеді, деп Төле бидің ұлдарына келінді өзі іздеуінен көре аламыз. Маған, кейде Қабанбай бабамыз, Қажымұқан Мұнайтпасұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы бабаларымыз сондайлық текті анадан туғандай

көрінеді, бәрімізге мәлімі, қазақ мұндайды «Алып анадан туады» деп бір ауыз сөзбен түйген. Адамның отбасы құрудағы жастық ерекшелігін анықтау туралы ой Аристотельде бар. Аристотель «Саясат» деген еңбегінде «Ер адамдарға ұрпақ әкелу жасының ең ақырғы шегі жетпіс жаспен, әйелдер үшін елу жаспен аяқталады; сондықтан, некелесіп бірге өмір кешу де осы көрсетілген шақтарға сәйкестелгені жөн», – деп айтады [8]. Сонымен бірге жастардың тым балаң кезінен үйленуге тыйым салуы қажеттігі, жас кезінен некелесу көп тараған мемлекеттерде адамдар әлсіз әрі аласа бойлы дүниеге келетінін айтады. Сондықтан қыздарға күйеуге шығуға ең дұрыс кезең он сегіз жас, ал еркектерге отыз жеті жас деп белгілейді. Аристотель бойынша «Осы жастарда некеге тұрғандардың тәни күші жетілген дәрежеде болады және осындай есеп, бала туудың тоқтайтын кезеңіне сәйкес келеді. Оның үстіне балалардың дербес өмірді бастайтын кезеңі әкелердің жетпіс жасында мұндай қабілеттердің өше бастайтынына тура келеді» [8]. Аристотельде адамның толысу жасы 50 жас дегенмен келіседі және жасы өткен адамның дүниеге келген ұрпағы әлсіз болатынын айтады.

Платонның аталған «Мемлекет» туралы кітабының жетінші бөлімінде текті тәрбиелеудің түрлері, оларды жас бойынша ерекшелеу қажеттіліктері жайлы пікірлер беріледі. Оның мақсаты баршаға мәлім, ой елдің қамын күйттейтін дана философтар билеушілерді қалыптастыру. Өмірдің бұл кезеңдерінде Платон ел адамдарына мусикалық, гимнастикалық өнерлерді жастайынан және әрбір жастық ерекшеліктен асқан сайын қайтара есеп, сәйкестікті тану, санау, астрономиялық, музыкалық білімдерді беріп, диалектикалық әдіске үйрету қажет дейді. Диалектикалық әдіс ойлау ғылымының таным, пайымдау, сенім, ұқсату әдістерін қолданып, ойлау адамның мәнді анықтауына, пікір қалыптасуына ықпал жасайды, заттардың мазмұнын дәлелдеуге, ізгілік идеясын анықтауға қажетті білім. Платон: «Дүниеге еркін болып келген кез келген адамға ешқандай ғылымды құлға үйреткен секілді оқытуға болмайды. Шынында, денеге қиындықтарды мәжбүрлі еңсеруге жөн сілтеу нашар іс болып табылмайды, бірақ жанға күшпен ендірілген білім қуатты болмайды. Сондықтан досым менің, өз балаларыңды ғылымға күшпен емес, олардың әрбірінің табиғи бейімділігін жақсы бақылау үшін, ойын арқылы сіңдір», – дейді [7].

Ресейлік зерттеуші, ғалым П.С. Гуревич өзінің еңбегінде грек өркениетінің ерекшелігін былай сипаттайды, яғни «грек ойшылдарының адамға және оның ақылына бағытталуы тұтас грек мәдениетінің өз өзін тануына үндеуіне фундаменталдық бағдармен тығыз байланысты. Аристотель адам өмірі мен іс әрекеттілігінде тәрбие мен білімнің ролін жоққа шығармай, адам өз шынайылығында қандай, сондай болуы қажет, оның тіршілігі мемлекеттік құрылымдардан, адамгершілік-құқықтық нормалардан, қоғамнан тыс қалыптаспайды және өмір сүруінде, әрекеттілігінде өзіндік таңдауға қабілетті тіршілік иесі», – деп қарастырады [9, 62-б.]. Адамның өмір сүру бейнелері мен мақсаттылығы туралы Аристотель өзінің «Никомах этикасы», бірінші кітабында былай сипаттайды: «Тіпті бір адам үшін игілік дәл сондай саналғанның өзінде, мемлекеттің игілігі, оған қол жеткізу мен оны сақтау барлығынан да маңызды, барынша толыққанды болып көрінеді. Әрине бір адамның [игілігі] ықыласты (*αγαλλου*), бірақ халық пен мемлекеттің игілігі әсемдеу және құдыреттілеу болады. Шамасы, өмір сүру бейнесінен [жеке] туынды, игілік пен бақытты өзіне санайды. Сәйкесінше, көпшілігі, адамдардың тіпті дөрекілері (*πῶρτικωτάτοι*) бар, олар үшін ләззаттануға толы өмір ықыласты, содан рақаттылықты [игілік пен бақыт деп түсінеді]. Өйткені, үш негізгі [өмір сүру бейне] бар: біріншісі, жаңа ғана еске алғанымыз, екіншісі, мемлекеттік және үшіншісі, пайымдау» [10, 58-б.].

Сонымен бірге Аристотель өзінің «Метафизика» шығармасының төртінші кітабының жиырма сегізінші бөлімінде адамның тегі туралы ойын келтіреді, ол «Тек туралы тірі жанның дүниеге келуімен айтылады, олардың формасы, дәл бір сондай толассыздық, мысалы: «қазірше адамдар тегінің өмір сүруі» «қазірше адамдардың туылуы толассыздықты» білдіреді. Тек деп бірінші қозғалтушыдан болмысты алушыны айтады; сондықтан бірі тегі

бойынша Эллиндік, басқалары Иондықтар деп аталады. Адамдарды тек ретінде тудырушыдан шығуды айтады, әйтсе де анадан да туады» [11, 176-б.].

Аристотель бұл түсіндіруінде тек, ұрпақ ұғымын адамның қоғамдық жүйеде үздіксіз қозғалысы мүмкіндігін сипаттайды. Толассыздық пен қозғалыс категориясының байланысы туралы Аристотель былайша ой өрбітеді: «Толассыздық табиғатынан, яғни өнер арқылы болатын толассыздыққа қарағанда, көп дәрежеде тұтас. Толассыздық ретінде өз өзінен тұтас және өзге қозғалыстың болуы мүмкін емес қозғалыс аталады; қозғалыс тұтас болады, ол кімде бөлінбесе және атап айтқанда уақытта бөлінбейтін болса. Ал өз өздігінен толассыздық, егер ол жанаспау арқылы тұтастық болғанда. Сондықтан, осылайша тұтас болып, жалпы толассыздық аталады, мейлі ол толассыздық иілген, ал көп бөлігінде иілмеген болса да. Және де дәл солай түзу линия, басым бөлігінде иілгенге қарағанда тұтас; ал иілген және бұрышты түзуші линияны біз тұтас деп, немесе тұтас емес деп атаймыз, себебі қозғалыс және оның бөліктері біруақытта және біруақытта емес орын алады; керісінше түзу линияның қозғалысы барлық кезде біруақытта болады; және иілген линиядан ерекшелікті, оның өзге бөлігі қозғалғанда, көлемі бар басқа бір бөлігі тыныштық таппайды [11, 153-б.].

Уақыттағы толассыздық пен қозғалыстың қатынасы туралы ғалым А. Тойнби мынадай ойын ұсынады: «Уақыттық қатынастарды зерттей отырып, біз толассыздықтың екі деңгейін ажыратамыз, оның бірі қоғам шегіндегі тарихтың бірізді кезеңдері мен фазалары арасындағы толассыздық, екіншісі, қоғамдардың өзіндегі уақыт аралығындағы байланыс ретіндегі толассыздық. Осы, екінші толассыздық феномен ретінде көрінеді және осы екі түр арасындағы сапалық айырмашылықты адам өміріндегі ұқсастық көмегімен білдіруге болады. Әрбір жекелеген қоғамның тарих тараулары адам тәжірбиесінің кезекті сатыларын еске түсіреді. Мысалы, бір қоғам мен екінші қоғам арасындағы байланыс ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты білдіреді [12, 214-б.].

Антикалық философияда уақыт циклдік, шар іспетті тұйықталған болып қарастырылған. Бұл уақыт–қатынас категориясындағы тұйықтылық адамның өмірінің ұрпақ, қоғам бағытындағы қозғалысында өзінің қайнарларына қайта айналып, соғып отыруын сипаттайды. Мысалы, бір алтын дәуірді екінші алтын дәуірдің алмастыруы. Августиннің философиялық ойларынан басталған түзу тізбекті уақыт идеясы адам өмірінің бір бағытта жылжып отырғанын білдіреді. Аристотельдің қозғалыстың түрлеріне берген анықтамасын профессор Г.Ж. Нұрышева өзінің «Философия тарихы» еңбегінде қарастырып өтеді. «Аристотель табиғатта бар болып отырғанның бәрі субстрат – материя мен болмыстың мәні болып табылатын формадан тұрады деп түсіндіреді, жеке мәнге ие зат материя және формамен салыстырғанда екінші. Материя мүмкіндік, потенция, акт-форма арқылы шындыққа айналады, жүзеге асуда бейнелеу үшін Аристотель энтелехия терминін қолданады. Аристотель қозғалыс деп кез келген өзгерісті, мүмкіндіктің жүзеге асуын түсінеді және оның төрт түрін атап көрсетеді: субстанциялық өзгеріс – пайда болу мен жойылу; сандық қозғалыс – өсу мен азаю; сапалық қозғалыс – айналу, альтерация; кеңістіктік қозғалыс – орын ауыстыру, трансляция» [13, 72-б.].

Философия ғылымының докторы Г.Ж. Нурышева ұсынып отырған деректен байқайтынымыз, ол «адам-ұрпақ» қатынасында осы өзгерістердің барлық жағдайынан өтетін іс әрекеттілік екенін байқаймыз. Адам санқырлы тіршілік иесі ретінде өзінің мәнін ұрпағынан көреді, ол бір өзінің көлеңкесі немесе айнасы болғанымен, сандықта сапалықта өлшемі. Энтелехия бұл ішкі, рухани күштің толысуы, тірі болмыс. Адам болмысының мүмкіндігі, осы ұрпақтың өмірінде жалғасын табады. Аристотельдің қандай да бір болмыстың мақсатқа бағытталуындағы, жүзеге асудағы формасын бейнелеуді энтелехия ретінде ұсынысын ғалымдар В. Дильтей, М. Хайдеггер, К. Мангейм мен Пиндердің ұрпақтың өмірімен байланысты зерттеп көрсеткен. Біз бұл мәліметті ресейлік зерттеуші А.М. Безгрешнованың «Философиялық ой тарихындағы ұрпақ мәселесі» мақаласынан жанама дерек көз ретінде алып отырмыз. Атап айтқанда: «Ұрпақтың ішкі сапалық тұтастығы

идеясы тек Пиндермен қарастырылған жоқ, ол туралы К. Мангейм де, В. Дильтей де, М. Хайдеггер де мойындаған. Мысалы, В. Дильтей бұл тұтастықтың жалпы интеллектуалдық және әлеуметтік ықпалдардың туындысы ретінде, М. Хайдеггер «тағдыр» сипатында қолданған. Мангеймнің ұсынуынша, Пиндер энтелехияны ұрпақты қоршаған орта мен өмірді тұмысынан қабылдау құралы мен ішкі тағайындалуының бірлігі, тұтастығының көрінісі деп қолданады. К. Мангейм ұрпақ энтелехиясының енуімен уақыт рухы, дәуір рухы деген ұғымдардың анықтылығы жойылып, дәуірдің таза уақыттық түсінігі бұзылады, оның орнына ұрпақтың ойлау стилі ұғымын енгізді», - деген тұжырымдамаларын ұсынады» [14, 230-б.].

Адам осы болмысында аяқталған тіршілік иесі болғанымен, оның тектік қозғалысының объективті дүниеде, материя мен потенцияда, акт формасында жүзеге асуы орын ала береді. Адам қаласын, қаламасын ұрпағымен бірге, бірақ оны өзі жеке индивид ретінде мойындамауы мүмкін. Бұл адамның ұрпақты түзуде жиынтықтық құрауы жанама өтеді дегенді білдіреді, бірақ абстаркциялық ұғым емес. Ол ұрпағында бар болмыстың иесі, ал, ұлттық, мәдени, адамзаттық ерекшелігінде сан қырлы болмысты түзуші субъект. Сондықтан да ұрпақтың құндылықтары түрлі сипатты болады. Қоғамдық өмірде алдыңғы аға буынның идеялық трендтері дәуірдің рухына қарай өзектілігін жоғалтқанымен, оның түпқазығындағы мәңгілік құндылығы сақталып қала береді. Түпқазық құндылықтан түпкілікті бас тарту адамның көз жанарына перде байлап алғанмен бірдей. Бұл үрдісті біз еліміздің тарихындағы санадағы ақтандақтардың орын алуынан көрдік және әлі де басымыздан өткерудеміз. Әлеуметтік ортада маргинал ұрпақтардың таралуына түрткі, болып өз қағынан жерінген текті көбейтіп отыр. Маригиналдылық жеке индивидтік, тұлғалық деңгейде болса, оны әлеуметтену, тәрбие, идеология құралдары арқылы мойнын бері бұруға болады. Ал, маргиналдылықтың интеллектуалдық деңгейі ше?

Аристотельдің өзі қозғалыс туралы былай дейді: «Мен қозғалыс деп, оның «бұрын» да емес, «кейін» де емес, өзіндік жүзеге асу орыны болған кезде, заттың сондайлық бір мүмкіндікте жүзеге асуын түсінемін. Шынында, қозғалыс әлдебір жүзеге асушы, бірақ аяқталмаған болып көрінеді; қозғалыстың жүзеге асуы, соның заттың мүмкіндігінде аяқталмауының себебі. Сондықтан қозғалысқа жету қиын: оны не айырылғандыққа, не мүмкіндікте, не қарапайым жүзеге асуда қатысты қолдану қажет, сонда да мұның ешқайсысы қол жетімді болып көрінбейді [11, 176-б.].

Аристотельдің осы қозғалыс пен уақытқа қатысты ойын ағылшын ғалымы Энтони Кенни өзінің «Батыс философиясының тарихы» еңбегінің бірінші томында мынадай ойларымен және Аристотельдің «Физика» шығармасынан үзінділер келтіру арқылы жалғайды. Атап айтқанда: «Аристотель үшін кеңею, қозғалыс және уақыт бірі бірімен етене жақын және реттілікпен байланысты іргелі континуум саналады. Уақыт, өз орайында, қозғалыстың толассыздығынан туындайды. Қозғалыс нақты заттардың қозғалысы, өзгерудің түрлері – түрлердің қозғалыстары, ал уақыт – әмбебап және біртекті. Қозғалыс тезірек немесе баяулауы мүмкін, бірақ уақыт емес. Қозғалыстың жылдамдығы уақытпен өлшенеді, – ойын ұсынады [15, 243-б.].

Аристотельдің бұл ойларынан қалқып алатын идеямыз, ол адам өз тегінің сандық күйін, өзгерісін мүмкіндікте анықтайды және адам аяқталған тіршілік иесі болғанымен, оның қозғалысы уақытта, болашаққа іргелі континуум сипатында реттілікпен жылжиды. Мысалы, біздің ұлттық дүниетанымызда ата, әке мен бала арасындағы ұрпақтық сабақтастықты сандық қозғалыс түрінде жеті текпен өлшеу әдісі, осы реттіліктегі континуумды білдіреді. Үш буын бірігіп біруақытты құрайды. Бұл туралы Абай бабамыз отыз жетінші қара сөзінде: «Дүние үлкен көл, заман соққан жел. Алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер», – деп ойын қорытады [4, 92-б.]. Тарихтың өткенінде ұрпақтардың орналасу реттілігінің уақыт пен кеңістіктегі көрінісі туралы ағылшын тарихшысы және философы А. Тойнби былай дейді: «Уақыт бойындағы өркениеттерді қарастырғанда, біз бірін бірі ауыстыратын ұрпақтардың саны кез келген жағдайда үштен

аспайтынына көз жеткіздік және олардың әрбір жағдайдағы жиынтық жасы алты мың жылдан аспаған, өйткені әрбір буынындағы соңғы кезеңі – бүгінгі өркениеттер», – дейді [11, 228-б.]. Бұл реттіліктің жолын Аристотель адамның игілікті өмір сүру арқылы бақытқа, рақатқа қол жеткізуде ерікті, оның мақсаттылығын тәрбиелеу қажеттігін айтады. Аристотель: «Бақытқа талпыну – кез келген іс-әрекеттің қозғаушысы. Адамдар бұны игілікті бақыт деп атайды. Бақытқа талпыну адамның табиғатына тән. Қозғалыс қабілеті берілген пенденің бұл талпынысы ешқашан да соңына дейін жүзеге аспайды. Өйткені адам осы игілікке қол жеткізсе, онда ол қозғалуын тоқтатады, демек адам болудан қалады. Шын мәнінде адам нақ осы қозғалыста дамиды. Бақытқа талпыну – адамның өмірлік мақсаты» [16, 46-б.].

Қорытынды

Философия ғылымының классиктері Платон мен Аристотельдің шығармаларында адам белгілі бір саяси-құқықтық ағзамен байланысты және соның ішіндегі ізгілік, әділеттілік, рақымдылық және бақыт категорияларының негізгі түйіні ретінде қарастырылады. Осы бақытқа ұмтылудың өзі ұрпақ қамы. Платон адамды және оның ұрпағын идеалды мемлекетке қол жеткізудегі тәрбиелеу арқылы қалыптасатын субъект сипатында зерттеп, оның дүниені танудағы ойлауы мен қалыптасуында заттың мазмұнындағы қайшылықты диалектикалық әдіспен анықтауды ұсынады. Платонда да, Аристотельде де адамның кемел жасы, ол елу жас және отбасы құруда адамдар өз ұрпағын дұрыс жетілдіру үшін белгілі бір жасқа қол жеткізуі тиіс. Жастар әрбір жастық ерекшелікке қол жеткізген сайын тәрбиелеудің кезеңдерінен, шарттарынан өтуі тиіс. Дегенмен Платонда ұрпақтың тәрбиесіне өзгелер қатысуы керек, ол соғыс өнеріндегі ержүректілік үшін қажет. Аристотельде адам өзі үшін адам, оның мақсаты – игілікке, кемелдікке, бақытты өмір сүруге ұмтылу. Аристотельде құлдар адам деңгейінде қарастырылмаған. Қозғалыс уақыт қатынасында адам өмірімен байланысты болғаннан соң, ол аяқталмайды, ал, ол уақыт тізбегінде адамның нақты реалды, қазіргі өмірінде және әлеуметтік-қоғамдық ортасында өтеді. Бұл жерде адам болмысы өзімен аяқталатыны себепті, ол тегі арқылы уақытта бөлінбестен келесі ұрпағына ауысады. Сондықтан адам өзін, өзінің қызметін, ол адамшылық болсын, ол қоғамдық-жариялық болсын, ол өзінің ұрпағын жетілдіру болсын, осы барлығында өтеп бітуі тиіс. Сондықтан да К. Мангейм «адамның ұрпағын энтелехия формасында қарастыруда, біз оның уақыттағы ерекшелігін жоғалтып аламыз», – дейді.

Аристотельде уақыт қатынас категориясы арқылы анықталады және ол циклдық қозғалады. Біздің адам дүниетанымдық, діни, технологиялық, құндылықтық өзгерістерге қадамдарын бір бірінен алшақ тастауда, бір бірін түсінбейтін, көбінде түсінгісі келмейтін жағдайларға тап болуда. Дедуктивті түрде қоғам тұтас, бүтін форманы құрағанымен, ол индуктивті танымда іштей ыдырау үстінде. Бұл ыдырау адамның саяси көзқарастары алшақтығында болса, оны құқықтық-демократиялық тәсілдермен еңсеру қиын емес, ал бұл қоғамдық жиынтықтық, әлеуметтік-мәдени сана, рух болмысы деңгейінде болса, онда ол адамның да, азаматтың да, ұрпақтың да деградациясына жол бастауы мүмкін. Бұл жағдайды түсінуге болар еді, егерде француз философы Э. Дюркгейм теориясындағыдай, біз өтпелі қоғамдағы құндылықтық бос кеңістікте, аномия кезеңінде тұрсақ. Біздің бодан ел қамытынан құтылғанымызға 30 жыл өтті, бұл уақыт ғасырлардың жиынтығында қас қағым, мезеттей сәт болғанымен, ол сол ғасырлардың тұтқынына да айналуы әбден мүмкін. Яки, бұл да бір заманның талқысы деп жылы жауып жүре береміз бе?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев Қ.К. Мемлекет басшысының жастар жылының жабылуына және волонтер жылының жариялануына байланысты баяндамасы. – Нұр-Сұлтан. – 2019.10.12 [Электронды ресурс]. – Режим доступа: <http://www.akorda.kz>.

2. Тұрсынбаева А.Ө., Малдыбек А.Ж. Дәстүрлі дүниетанымдағы мәдени-тарихи сабақтастықтың рөлі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №4 (114). – Б. 63–73.
3. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2018. – 216 б.
4. Абай. Қара сөз. – Алматы: Атамұра, 2019. – 191 б.
5. Ясперс К. Бүгінгі күні адам болмысы қалай түсіндіріледі. Әлемдік философиялық мұра. Өмір философиясы. 11-том. – Алматы: Жазушы, 2006. – 512 б.
6. Шопенгауэр А. Мир как воля и представление. Том 2. – М.: ООО «Попурри», 1999. – 832 с.
7. Платон. Собрание сочинений в 3 томах. Том 3 / Егунова А.Н. – М.: Мысль, 1971. Электронная библиотека «Гражданское общество» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.civisbook.ru/>.
8. Аристотель. Политика. В кн.: Сочинения в четырех томах. Том 4. / Под редакцией Доватур А.И. – М.: Мысль, 1983. Электронная библиотека «Гражданское общество». [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.civisbook.ru/>.
9. Гуревич П.С. Человек: мыслители прошлого и настоящего о его жизни, смерти и бессмертии. Древний мир – эпоха Просвещения. – М.: Политиздат, 1991. – 461 с.
10. Аристотель. Никомахова этика. В кн.: Сочинения в четырех томах. Том 4. / Под редакцией Доватур А.И. – М.: Мысль, 1983. – 828 с. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.civisbook.ru/>.
11. Аристотель. Сочинения в четырех томах. Том 1 / Под редакцией Асмус В.Ф. – М.: Мысль, 1975. – 550 с.
12. Тойнби А. Тарихи ойлау салыстырмалығы. Әлемдік философиялық мұра. XX ғасырдағы тарих философиясы. 16-том. – Алматы: Жазушы, 2007. – 544 б.
13. Нурышева Г.Ж. Философия тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Зият пресс, 2005. – 180 б.
14. Поколения в социокультурном контексте XX века / Хренов Н. и др. – М.: Наука, 2005. – 357 с.
15. Энтони Кенни. Батыс философиясының тарихы. Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» Қоғамдық қоры, 2018. – 407 б.
16. Реми Хесс. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» Қоғамдық қоры, 2018. – 359 б.

REFERENCES

1. Тоқаев Қ.К. Memleket basshysynyń jastar jylynyń jabylyyna jáne volonter jylynyń jarıalanıyuna bailandamasy. – Nursultan. – 2019.10.12. [Elektronnyy resurs]. – Rejim dostupa: <http://www.akorda.kz>. [in Kazakh]
2. Tursynbaeva A.Ó., Maldybek A.J. Dástúrli dúnietanymdaғы mádeni-tarıhı sabaqtastyqtyń róli // Iasaýı únıversitetiniń habarshysy. – 2019. – №4 (114). – B. 63–73. [in Kazakh]
3. Djonston D. Filosofııanyń qysqasha tarıhy: Sokrattan Derrıdağa dein. – Almaty: Ulıtyq aýdarma bıýrosy qoғamdyq qory, 2018. – 216 b. [in Kazakh]
4. Abai. Qara sóz. – Almaty: Atamura, 2019. – 191 b. [in Kazakh]
5. Iaspers K. Búgingi kúni adam bolmysy qalayı túsinidiriledi. Álemdik filosofııalyq mura. Ómir filosofııasy. 11-tom. – Almaty: Jazyshy, 2006. – 512 b. [in Kazakh]
6. Shopengaýer A. Mir kak volia i predstavlenie. Tom 2. – M.: ООО «Popurrı», 1999. – 832 s. [in Russian]
7. Platon. Sbranie sochinenuı v 3 tomah. Tom 3 / Egýnova A.N. – M.: Mysl, 1971. Elektronnaıa bıblioteka «Grajdanskoe obestvo» [Elektronnyı resurs] . – Rejim dostýpa: <http://www.civisbook.ru/>. [in Russian]

8. Aristotel. Politika. V kn.: Sochineniya v chetyreh tomah. Tom 4. / Pod redaktsiei Dovatur A.Ī. – M.: Mysl, 1983. Elektronnaya biblioteka «Grajdanskoe obestvo». [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: <http://www.civisbook.ru/>. [in Russian]
9. Gyreevich P.S. Chelovek: mysliteli proshlogo i nastoiagego o ego jizni, smerti i besmertii. Drevnii mir – epoha Prosveeniia. – M.: Politizdat, 1991. – 461 s. [in Russian]
10. Aristotel. Nikomahova etika. V kn.: Sochineniya v chetyreh tomah. Tom 4. / Pod redaktsiei Dovatur A.Ī. – M.: Mysl, 1983. – 828 s. Rejim dostupa: <http://www.civisbook.ru/>. [in Russian]
11. Aristotel. Sochineniia v chetyreh tomah. Tom 1 / Pod redaktsiei Asmys V.F. – M.: Mysl, 1975. – 550 s. [in Russian]
12. Tombı A. Tarihi oılaı salıstırmalygy. Álemdik filosofıalyq mura. XX gasyrdagy tarih filosofıasy. 16-tom. – Almaty: Jazyshy, 2007. – 544 b. [in Kazakh]
13. Nyrysheva G.J. Filosofıa tarihy. Oqy quraly. – Almaty: Zinat press, 2005. – 180 b. [in Kazakh]
14. Hrenov N. i dr. Pokoleniia v sotsiokyltırnom kontekste XX veka. – M.: Nayka, 2005. – 357 s. [in Russian]
15. Entoni Kennı. Batys filosofıasynyń tarihy. Antıka filosofıasy. – Almaty: Ulıtyq aıdarma bırosy qogamdyq qory, 2018. – 407 b. [in Kazakh]
16. Remı Hess. Filosofıanyń tańdayly 25 kitaby. – Almaty: Ulıtyq aıdarma bırosy qogamdyq qory, 2018. – 359 b. [in Kazakh]